

# Мен биыл біріншімін!

...Кітапхана – әр  
тараптан жыл құсындағы  
қуаныш жетелеп  
келетін кітаптардың  
патшалығы...

Окім ТАРАЗИ

Арқалық қаласындағы облыстың № 2 әмбебаптың кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде ақпараттық қоғамдағы кітаптың рөлін көтеру, оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани байлықты кітапханадан алатындарына көздерін жеткізу және кітапхана жарнамасын дамыту мақсатында дәстүрлі жылдың бірінші оқырманына арналған «Мен биыл біріншімін!» атты оқырман бе-нефисі еткізілді.

Адамзат баласының жер басыш өмір сурген уақытынан, бүгінгі күнге дейінгі басты үш күндылығы: білім, ғылым және өнер. Осы күндылықтардың қыр-сырын түсінуге қол үшін беретін алуан түрлі жаңалықтарды ашуға апаратын білімнің ордасы – кітапхана. Балалар әдебиеті бөлімі кітапхананың алғашқы оқырманының қабылдады. Жаңа жылдық мереке қарсаңда кітапханага келген оқырмандар үшін кітапханашылар қызықты да әсерлі умыттылмас кездесулер үйімдестірді. Алғашқы оқырманды аяз ата мен ақша қар және жылан қарсы алғып, көнілді викториналық сұрақтар мен танымдық «Ой қозғау» ойындары ойнатылды. Оқырмандарға арналған «Бірінші оқырман» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

Іс-шара барысында жылдың бірінші оқырманы атанған Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебінің 3 «Ә» сынып оқушысы Нұрайым



Тұрақтың бірінші оқырман болғаны жарияланып, балалар бөлімінде атынан сыйлығымызды тапсырдық. Нұрайым білімді де ізденімпаз оқушы. Сабактан тыс уақытын кітапханада өткізгенді үнатағы. Бердалы Рысбековтің «Ізгілік туралы ертегі», Бейсембек Тілеутазының «Ақылды піл» хикаяты, Текен Әлжантегінің «Базарлық» балаларға арналған әңгімелер мен ертегілер кітабын, Бауыржан Ғұбайдуллиннің «Ойыншықтар көтерілісі» әңгімелерін, мысалдар, жұмбақтар, аудармалармен қоса кітапхана қорына түскен мерзімді басылымдарды үзбей оқып отырады.

Барша әлемді ұлан-ғайыр білімімен таң қалдырган Ұлықбек, Әл-Фараби сынды ғуламалар балалық шағынан өмірінде сонына дейін кітаппен дос болған. Кітап біздің алға жылжумызға, адамгершіліктің биік шынына көтерілуімізге жетелейді. Міне, сондықтан, Нұрайым достарың сендерді кітап әлеміне шақырады.

Күрметті жас оқырмандар, кітаптың ұлы қасиетін бағалап, кітаппен дос болайық. Кітапханага жиі келініздер, бірге ізденіп, бірге оқыық!

Гүлнар СЕЙТҚОЖИНА,  
№ 2 ОӘРК  
балалар әдебиеті бөлімі